

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының міндетін атқарушының "Қазақстан Республикасының аумағында киік алуға тыйым салу туралы" 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 206 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 286 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 25 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4035. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 10 қарашадағы № 704 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010.11.10 № 704 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Киіктер мүйізін жинау мен дайындау фактілерінің алдын алу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының міндетін атқарушының " Қазақстан Республикасының аумағында киіктер алуға тыйым салу туралы" 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 206 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3880 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 20 қазанда Юридическая газетаның N 194 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында киіктерді, ғылыми мақсаттарда пайдалануды қоспағанда, 2011 жылға дейін оларды алуға, сондай-ақ олардың мүйіздері мен өнімін жинауға, дайындауға, сатып алуға немесе өткізуге тыйым салынсын.";

4 тармақта "Н.А.Хадыркеевке" деген сөз "Қ.Ш.Мұсабаевқа" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

